Шымкент қаласының білім басқармасы

«М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК

Хаттама№3

«09» сәуір 2021ж.

**Қамқоршылық кеңес отырысы**

Қатысыты: Тізімге сәйкес

1. Усипбеков Толехан Усипбекович
2. Қалдыбаев Абдумалик Калдыбаевич
3. Құлшынбай айдар Еркінбекұлы
4. Елекеев Марс Атымтайұлы
5. Калиев Ануарбек Абдешович
6. Джумабеков Бауыржан Кеңесбекович
7. Ердебеков Аскар Калдыбаевич
8. Тажибаева Жибек Мухаммеджанова
9. Даулеталиев Куаныш Амирсеитович
10. Айдарханов Сапарғали Калдыханович
11. Дарменов Ермек Аманжолович- онлайн форматта

**Шақырылғандар:**

1. Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының міндетін атқарушы -Н.А.Шәмшиева;
2. Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті бас маманы -М.А.Абдираимова;
3. “Білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық комитеті” жетекшісі- Ж.Сейтінбет;
4. Шымкент қаласының білім басқармасы бөлім басшысы – М.Ж.Жолдыбеков.

**Күн тәртібінде:**

Колледж директорының бос орны лауазымына жарияланған конкурсқа қатысушы үміткермен кездесу.

**Тыңдалды:**

Шымкент қаласы «Қамқоршылық кеңес»-інің хатшысы А.Жананова сөз алды.

Ол өз сөзінде: Шымкент қаласы білім басқармасыҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21ақпандағы «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымның басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы»№57 бұйрығы, сонымен қатар Шымкент қаласының білім басқармасы тарапынан 2.04.2021ж. шығыс номері 10-05-43/2551 жолданған хатына сәйкес колледждің директорының бос орны лауазымына жарияланған конкурсқа қатысушы үміткерді «Қамқоршылық кеңес» мүшелерімен таныстырды.

Келесі сөз кезегін «Қамқоршылық кеңес»-тің төрағасы Т.Усипбековке ұсынылды.

Т.Усипбеков сөз ала отырып Б.Қарсыбаевқа өзінің колледжге қатысты Перспективалық даму жоспарымен таныстыруды айтып өтті.

Б.Қарсыбаев сөз кезегін ала отырып Перспективалық даму жоспарымен таныстырып шықты.Сонымен қатар «Қамқоршылық кеңес» мүшелері тарапынан бір қатар білім саласындағы және колледжге тиісті қойылған сұрақтарға жауап берді.

**Сөйлегендер:**«Қамқоршылық кеңес» мүшесінің төрағасы Т.Усипбеков, сөз ала отырып, үміткер Б.Қарсыбаевқа өз рахметін білдіре отырып, бүгінгі кеңесте қаралған мәселенің нәтижесін 12.04.2021ж. білім басқармасына тапсырылатынын айтып өтті.

Т.Усипбеков «Қамқоршылық кеңес» мүшелерімен сәлемдесіп, түгелдеп, кеңес мүшесі Е.А.Дарменовтің "Зум" платформасы арқылы онлайн түрде қатысатынын ескертті. Сөзін жалғастыра отырып, Шымкент қаласының білім басқармасы тарапынан 2.04.2021ж. шығыс номері 10-05-43/2551 жолданған хатына сәйкес «М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК директорының бос орны лауазымына жарияланған конкурсқа қатысушы үміткер Б.Қарсыбаевқа өзінің әзірлеген Перспективалық жоспарын таныстыруды ұсынды.

Кеңес барысында үміткер Перспективалық жоспарын таныстырып кеңес мүшелерімен бірнеше сұрақтармен алмасты. Нәтижесін шығару мақсатында үміткерді ұстамай, төраға директор лауазымына сәйкес келетіндігін "**қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз"**– деп, ашық түрде дауысқа салуды ұсынды (Қосымша 1).

**Нәтижесінде:**

- үш кеңес мүшесі "**қанағаттанарлық"**–деп, таныды;

-жеті кеңес мүшесі "**қанағаттанарлықсыз"**– деп таныды;

-бір кеңес мүшесі қалыс қалды.

**Қаулы:** «М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК директорының бос орны лауазымына жарияланған конкурсқа қатысушы үміткер Б.Қарсыбаев аталған лауазымға қосымша 1-ге сәйкес " **қанағаттанарлықсыз"** деп табылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Т.Усипбеков

Кеңес мүшелері:
1. Қалдыбаев Абдумалик Калдыбаевич
2. Құлшынбай айдар Еркінбекұлы
3. Елекеев Марс Атымтайұлы
4. Калиев Ануарбек Абдешович
5. Джумабеков Бауыржан Кеңесбекович
6. Ердебеков Аскар Калдыбаевич
7. Тажибаева Жибек Мухаммеджанова
8. Даулеталиев Куаныш Амирсеитович
9. Айдарханов Сапарғали Калдыханович
10. Дарменов Ермек Аманжолович

Хатшы: Жананова А.М.

Қосымша 1

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымның басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығы, сонымен қатар Шымкент қаласының білім басқармасы тарапынан 2.04.2021ж. шығыс номері 10-05-43/2551 жолданған хатына сәйкес колледждің директорының бос орны лауазымына жарияланған конкурсқа қатысушы үміткерге «Қамқоршылық кеңес» мүшелері тарапынан берілген баға:

1) Үміткер бос орынға "**қанағаттанарлық**"- деп танылсын:

1) Джумабеков Б

2) Жалиев А.

3 Даримбеков С А

2) Үміткер бос орынға үміткер "**қанағаттанарлықсыз**" -деп танылсын:

1) Даулетбаева Жулдыз Ахмрсетовна?

2) Усипбеков Талгат Исмаилович

3). Ерребеков Асқар Ерғалиевич

4) Айдаржанов С. Қ.

5) Ташибаева Н.

Қалыс қалған:

1) Елесев М.А

6) [illegible] —— Кумшыбай. Айдар. Ерікжанұлы

7) А.Калдыбаев Калдыбаев Абдималик